

Нариман Абылай  
*Красная шапочка*  
*Қызыл телпек*



**Нариман Абылай**  
**Красная шапочка.**  
**Қызыл телпек**

*[http://www.litres.ru/pages/biblio\\_book/?art=66878693](http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=66878693)*

*ISBN 9785005577306*

**Аннотация**

Красная шапочка – любимая девушка автора, которая появилась в его жизни, как в сказке. Қызыл телпек – автордың ертедегідей армандаған сүйген адамын шынайы өмірде кездестіріп, арнаған жинақ өлеңдері.

# **Красная шапочка. Қызыл телпек**

**Нариман Абылай**

© Нариман Абылай, 2021

ISBN 978-5-0055-7730-6

Создано в интеллектуальной издательской системе Ridero



Красная шапочка- Қызыл телпек

Эх, сүйгенім, сүйгенім  
Сені сүйіп күйгенім  
Қанша жылдар өтсе де  
Әлі ойлап жүргенім

Эх, сүйгенім, сүйгенім  
Сезімімді сезбедің  
Саған деген жүректің  
Жылуын да көрмедің

Эх, сүйгенім, сүйгенім  
Сенен артық жанды кезбедім  
Қанша сұлу болса да  
Жүрекке жақын көрмедім

Эх, сүйгенім, сүйгенім  
Сабырлықпен күткенім  
Саған деген сезімім  
Көрдің бе оңай өшкенін?

Эх, сүйгенім, сүйгенім  
Хәліңді мен білмедім  
Тәккәпарлықты қоя тұр

Бос болса сенің жүрегін

17/03/2021

Сұлулықтың белгісі қыз дегенің

Табылмас оңай іздегенің

Түсіну қиын-ау біздей жанға

Құпия ға толы қыз әлемін

Қыз дегенің сырласар сыңарың

Талай ақындар төкті ақ жырларын

Жүрекке жетпегені айдай анық

Самғаған талай қырандарың

Қыз дегенің жаралған қабырғаңнан

Сыйлығың болар Жаратқаннан

Қыз дегенді аялап, сүю керек

Мейіріммен келген бір Алладан

27—28/03/21

Қайтадан жанды жүрегім

Қабыл болып тілегім

Иншалла болар жоспармен

Боларсың жан-тірегім

Қасың қандай әдемі

Санаулы тұр әр меңі

Қара көзің ботадай  
Ғашық қылған мына мені

Сөйлеген сөзің орынды  
Тәрбие бойыңнан көрінді  
Әр сөзің шыққан жүректен  
Араның балындай төгілді

Дауысың құлаққа жағымды  
Әсем әндей тұрар сыңғырлап  
Таң атқанда Алланың  
Сол даусыңмен мені оят  
4—5/04/2021

Есім кетер бір өзінді көргенде  
Сенен асқан сұлу жоқ әлемде  
Іздегенім «сен едің» біліп жүр  
Таңбаланып есімің жүрегімде

Жүрегім соғар есіміңнің әрпімен  
Орын табу қиын болар жүрегіңнен  
Аңсаймын сені мәңгі бақ құсым  
Қия алмаймын біліп жүрші өзгемен

Жүрегім тынышталар өзіңмен  
Көңіл толқып әсем сезіммен

Қос жүректі қосып, бүтін ғып  
Аяқ басып ғашықтардың ізімен

Сен болмасаң жүрегім қаралы  
Жалындаған сезімім де жаралы  
Бұл жүректі болса да жөндеуге  
Сенде ғана бар оның құралы

Сезімімді айтып саған білдірем  
Асығыстықпен бәрін бүлдірем  
Жүрегіңнен маған орын бер  
Бір өзіңді біле бергін мен сүйем

Сүйемін сені ақтық демім кеткенше  
Сен сұлусың, ақылдысың өзгеше  
Бір Алладан сені тілеп едім  
Ал не дейсің маған ендеше?  
07/04/2021

Махаббат кірпіштен құрылған қабырға  
Өтпес сезімім, білемін, сол адамға  
Шын ғашық едім еш ойынсыз  
Шын ғашықпын сол адамға...

Әнім сен едің жүрегімде  
Жоқ десең бағыт өзгере ме

Саған қарай жол іздеймін  
Сенің нәзік жүрегіңе

Сұлулар көп шығар дегенменен  
Таба алмас орын жүрегімнен  
Сондықтан дұрыс түсін мені  
Өзіңсіз өртенер жүрек өзегімнен

Ғашықпын саған шынымен-ақ  
Өзгелерді қаламаймын бірақ  
Түнекте болған бұл жүрекке  
Жануына себеп жалғыз сен-ақ

Барсам да мен дәрігерге  
Жүрегімді алмастыр деп  
Ауысқанмен бұл жүрегің  
Ауыспайды жаның бөлек  
08/04/2021

Сағындырайын десең сағынасың  
Сағымыңды қалай тоқтатасың  
Жол тартып өзіңе барғанымда  
Жүрегімді қуаныштан соқтырасың

Өткенді сен ұмыттырасың  
Болашаққа жол салдырасың  
Өмірдің үлкен бақытын

Жүрегіме оңай толтырасың

Ұялып төмен сен қарайсың  
Жүзіме жылу сен сыйлайсың  
Сарқырамадай шашың ағылып  
Әдемі жүріспен қимылдайсың

Көзің әдемі тұрар жарқырап  
Кірпігің қанаттай кетер қимылдап  
Қызыл телпегім болсын жанымда  
Жүремін ылғи Алладан сұрап  
12—14/04/2021

Сердце бьется тук-тук  
Не от боли, не от мук  
Как струны инструмента  
Издает любовный звук

Сердце любит, выбирает  
Не с терпением ожидает  
Тебя он ищет каждый раз  
С каждой минутой ведь скучает  
Сердце бьется, сердце бьется  
По венам кровь разольется  
И всем известно влюбленным  
Такое счастье не найдется

15—16/04/20

Красная шапочка только ты смогла

В моем сердце любовь зажгла

До конца жизни буду молиться

# Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «ЛитРес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на ЛитРес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.